

7  
САБАҚ

КЕЛІСІМ-ШАРТҚА  
ҚОЛ ҚОЙМАСТАН  
БҰРЫН НЕНІ  
БІЛУ КЕРЕК?

САҚТАНДЫРУ

ЖҰМСАЛМАЙТЫН  
ҚОР

ЖИНАҚ  
АҚША

ТӨЛЕМДЕР  
ЖӘНЕ  
АУДАРЫМДАР

КРЕДИТТИ  
ДҰРЫС ТАҢДАУ

ҚҰҚЫҚТАР  
ЖӘНЕ МІНДЕТТЕР

ЕҢ ЖАҚСЫ  
КРЕДИТ

ЕСЕП

ҮЙ БЮДЖЕТИ

10 сабақтың ішінде берік үй «Тұрғыз»

## ҚЫМБАТТЫ ДОС!

Сіз қолыңызға халықтың қаржылай сауаттылығын арттыру жөніндегі бағдарламаның бірыңғай кітапшасын ұстап отырсыз, оны KMF өзінің барлық филиалдары мен бөлімшелерінде жүзеге асырады. Бұл бағдарламаны KMF-Демеу Қоры америкалық ACDI/VOCA ұйымының қатысуымен жасаған. Сіздерге қандай тақырыптардың қызықты және пайдалы болатынын түсіну үшін, біз клиенттердің арасында оқытуға қажеттілікті бағалау жөніндегі зерттеуді жүргіздік. Зерттеудің нәтижелері бойынша біз негізгі 10 тақырыпты анықтадық. Әр тақырып бойынша Сіздер KMF-тің қызметкерлері жүргізетін сабақтарын өтіп, осы кітапша түріндегі үлестіру материалдарын ала аласыздар. Сабақтарымыздың негізіне біз қазақстандық отбасылардың нақты мысалдарын алдық.

Біз, бағдарлама Сіздерге пайдалы идеяларды, тәсілдер мен құралдарды ұсынып, олар Сіздерге пайдасын тигізіп, отбасыларыңыздың қаржысын неғұрлым табысты басқаруға және оның әл-ауқатын арттыруға көмектеседі деп үміттенеміз.

### СІЗДЕРГЕ KMF-ТІҢ КРЕДИТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН БІРГЕ КЕЛЕСІ САБАҚТАРДАН ӨТУГЕ КЕҢЕС БЕРЕМІЗ:

- |                  |  |
|------------------|--|
| <b>1 САБАҚ:</b>  | Егер мен қаласам, мен бұны істей аламын: үй бюджеті және отбасындағы қаржылық жоспарлау.           |
| <b>2 САБАҚ:</b>  | Отбасымның қаржылық есебі.   |
| <b>3 САБАҚ:</b>  | Өмірде неше түрлі жағдайлар болады. Отбасылық әмианды күтпеген жағдайлардан қалай қорғауға болады. |
| <b>4 САБАҚ:</b>  | Қор жинаудың әр түрлі тәсілдерінің «оңды» және «теріс» жақтары.                                    |
| <b>5 САБАҚ:</b>  | Жақсы несиені қалай таңдауыма болады?  |
| <b>6 САБАҚ:</b>  | Несие: Проблемалардан қалай құтылуға болады?   |
| <b>7 САБАҚ:</b>  | Келісім-шартқа қол қоймастан бұрын нені білу керек?  |
| <b>8 САБАҚ:</b>  | Менің қарыз алушы ретіндегі құқықтарым және міндеттемелерім.                                       |
| <b>9 САБАҚ:</b>  | «Қолма-қол ақшадан» «қолма-қол ақшасыз» есептесуге – төлемдерді жүзеге асырудың нұсқалары.         |
| <b>10 САБАҚ:</b> | Сақтандыру: ол маған керек пе?   |

Сіздерге бақыт және өркендеуді тілейміз!  
Құрметпен, «KMF-Демеу» Қоры.

### «ШАРТ НЕ ҮШІН КЕРЕК?»

**Шарт** – бұл екі немесе бірнеше тұлғаның құқықтары мен міндеттерін белгілеу, өзгерту және тоқтату туралы жазбаша келісімі.

**Шарт** – бұл әлденеге келісуші тараптардың әрқайсының өзін және өзінің мүдделерін қауіпсіздендіруі.

### ШАРТ НЕ ҮШІН КЕРЕК?



- ◆ келісімдері туралы, **есте қалуы** үшін;
- ◆ келісу заты туралы, **нақты түсіну** үшін;
- ◆ алдын ала келісілмеген **талаптарды кейін** қоймау үшін;
- ◆ кейін келісілген **шарттары өзгермеуі** үшін;
- ◆ келісу мәнін қасақана **бұрмалаудан қауіпсіздендіру** мақсатында, бұл шарт екі жаққа да қатысты;
- ◆ **қосымша тәуекелдерді** азайту мақсатында.

### ШАРТ ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕК:

- ◆ **түсінікті;**
- ◆ **ашық;**
- ◆ **қауіпсіз** (клиент үшін де, ұйым үшін де).

## БОЛАТТЫҢ ТАРИХЫН ҚАРАЙЫҚ.



Болат кезекті несиені алуға ұсыныс берді. Бұған дейін ол отбасының қажеттіліктеріне екі несие алып, оларды толығымен төледі. Ұсынысты тез рәсімдеп, несиені 1 жылға алды. Қызметкер өте сыпайы адам болып, ол несиенің негізгі талаптары туралы: мөлшерлемесі, комиссиялары, төлемдер кестесі жөнінде қысқаша айтып шықты. Болат шартқа қол қойды, бірақ несиелік шартты алдыңғы шарт-тардағыдай оқыған жоқ. Бұл шартта 5 бет ұсақ әріппен берілген мәтінде көптеген түсініксіз терминдер кездесті, сонымен қоса бірдеңені қосатын немесе өзгертін сілтемелер көп болды...

5 ай өтіп, Болат ай сайын несиені және ол бойынша пайыздарды мұқият төлеп отырғанына қарамастан, кенеттен хабарлама келді. Бұл хабарламада ай сайын төленетін сома алдында көрсетілген сомадан жоғары өтелетін ақы көрсетілген. Несиелік шартта көрсетілген мөлшерлемені көріп, ол өтеу кестесін нақтылады. Барлығы дұрыс, бұл «қателік шығар» деп ойлады. 2 аптадан кейін келесі хабарлама келеді, онда берешегі бар және оған қоса өсімақысымен өтеу қажеттігі көрсетілген.

Ол банк бөлімшесіне қателік кеткеніне кәміл сене отырып барды, шамасы бұл хабарлама басқа біреумен шатасып жіберілген. Бірақ кредиттік қызметкермен тілдескенінен кейін, ол несиелік шартта одан да ұсақ шрифтпен жазылған сілтеме, сонымен қатар онда несиелік ұйымның бір жақты несие мөлшерлемесін несие алушының келісімінсіз өзгертуге құқығы бар екенін көрді. Осы жағдайдың орын алғанын яғни, банк пайыздық мөлшерлемені көтеріп, осыдан қарыз пайда болғанын түсінді.

Болаттың наразылығына ешкім көңіл аудармады, оның барлық сұрақтарына, бір ғана жауап берілді: **«Бұл Сіз өзіңіз қолыңызды қойған кредиттік шартта жазылған талаптардың бірі!».**


Болаттың жайсыз тәжірибесінен шығатын қорытынды, клиенттің несиелік ұйыммен қарым-қатынасқа түскен кездегі өзін қауіптен сақтандырудың жалғыз мүмкіндігі – бұл несиелік шартты мұқият оқып, түсініп алу және **ОНЫҢ ТАЛАПТАРЫМЕН САНАЛЫ ТҮРДЕ КЕЛІСУ НЕМЕСЕ КЕЛІСПЕУІ** қажет.



**ШАРТТЫ МҰҚИАТ ОҚЫП ШЫҒУ ҚАЖЕТ, ӨЙТКЕНІ ОНЫҢ МӘТІНІНДЕ СІЗГЕ ЖАРАМСЫЗ ТАЛАПТАРЫ БОЛУЫ МҰМКІН.**



**ШАРТТЫ ЖӘНЕ КРЕДИТТІ РӘСІМДЕУ БОЙЫН-ША ЖАЛПЫ БАРЛЫҚ ҚҰЖАТТАРҒА ҚОЛ ҚОЙҒАН КЕЗДЕ МҰҚИАТ БОЛУ КЕРЕК. КРЕДИТТІК ШАРТҚА ҚОЛ ҚОЮ, ҚАРЫЗ АЛУ-ШЫНЫҢ ОНЫҢ БАРЛЫҚ ТАЛАПТАРЫМЕН ТАНЫСҚАНЫН ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ТОЛЫҚ КЕЛІСЕТІНІН БІЛДІРЕДІ.**



## НЕСИЕЛІК ШАРТТЫҢ ТИПТІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Типтік несиелік шарттарының баптары қандай болады, оны оқығанда неге назар аудару қажет, соны жан-жақты қарастырайық.

1. Шарттың **«Кіріспесінде»** шартқа қол қоюшы тараптардың толық заңды атаулары, олардың заңды мекен-жайлары, тараптар солардың негізінде әрекет ететін құжаттары көрсетіледі.
2. Несиелік шарттың **«Нысанында»** несиелік ұйым мен Қарыз алушының арасындағы несиелік қарым-қатынастардың мәні, мазмұны көрсетіледі.
3. **«Несие берудің шарттары»** бөлімінде пайыздарды, комиссиялық және басқа да төлемдерді есептеудің және ұстап қалудың тәртібі жан-жақты сипатталады.



### ТЕКСЕРГЕН МАҢЫЗДЫ!

ШАРТТА, НЕСИЕЛІК ҰЙЫМНЫҢ ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕНИ ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕР-ЗІМІНІҢ ІШІНДЕ ӨЗГЕРТЕ АЛАТЫНЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ ЖОҚ ПА, ЕГЕР БҰНДАЙ ЕРЕЖЕ БОЛСА, ОНДА КЛИЕНТТІ ХАБАРДАР ЕТУ ҚАНДАЙ ТӘСІЛМЕН ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ ДЕГЕН ЖАУАП КЕРЕК. БҰЛ ӨТЕ ҚАУІПТІ ШАРТ, ӨЙТКЕНІ ОЛ НЕСИЕЛІК ҰЙЫМҒА ӨЛЕУЕТТІ ТҮРДЕ НЕСИЕНІҢ ТӨЛЕМІН КӨБЕЙТУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

4. Стандартты Несиелік шартта **«Тараптардың құқығы және міндеттері»** тармағында несие беруші мен қарыз алушының, бұрын ескертілген талаптарға қоса, қарыз алушы үшін тиімсіз «аздаған өзгешеліктері» жазылады.



### **БІЛУ МАҢЫЗДЫ!**

БАРЛЫҚ СІЛТЕМЕЛЕРДІ, ӘСІРЕСЕ, ҰСАҚ ӘРІПТЕРМЕН ЖАЗЫЛҒАНДАРЫН, МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ОҚЫП ТАНЫСУ ҚАЖЕТ. ОЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫНДА КЛИЕНТ ҮШІН МАҢЫЗДЫ ЖӘНЕ КЕЙДЕ ӨТЕ ҚАУІПТІ АҚПАРАТ БАР БОЛУЫ МҮМКІН.



### **МІНДЕТТІ!**

КРЕДИТТЕРДІ ӨТЕУ БАРЫСЫ РАСТАУШЫ ҚҰЖАТТАРМЕН РӘСІМДЕЛУІ ТИІС – КІРІС-КАССАЛЫҚ ОРДЕР ЖӘНЕ ФИСКАЛДЫ ЧЕК (ТАУАР ЧЕГІ). АТАЛМЫШ ҚҰЖАТТАР БОЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА ТӨЛЕМ ЖҮРГІЗІЛГЕНДІГІН РАСТАУ ҚИЫНДЫҚ ТУҒЫЗАТЫН БОЛАДЫ»



### **ЕСКЕ САҚТАУ МАҢЫЗДЫ!**

КЕЙІН НЕСИЕНІ ҚҰҚЫҚҚА ҚАЙШЫ ПАЙДАЛАНҒАНЫ ҮШІН ПАЙЫЗДАРДЫ, ӨСИМАҚЫНЫ НЕМЕСЕ АЙЫППҰЛДЫ ТӨЛЕМЕУ ҮШІН, ПАЙЫЗДАРДЫ ӨТЕУДІҢ СОҒҒЫ МЕРЗІМІН ҚАТАҢ ЕСКЕ САҚТАУ ҚАЖЕТ.

**5. Міндеттемелерді қамтамасыз етудің тәсілдері.** Несиелік шарттың бұл тармағында қарыз алушының өз міндеттемелерін орындауына кепілдік беретін нақты қамтамасыз ету (кепілдік) көрсетіледі.

**«НЕСИЕНІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ» ТҮСІНІГІ ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ НЕСИЕ БЕРУШІГЕ НЕСИЕ МЕН ПАЙЫЗДАРДЫ КЕЗ КЕЛГЕН ЖАҒДАЙДА ӨЗИНІҢ ЖЕКЕ МҮЛКІНІҢ, ЖАҚЫН АДАМДАРДЫҢ КЕПІЛДІКТЕРІ, САҚТАНДЫРУДЫҢ ЕСЕБІНЕН ҚАЙТАРУЫНА КЕПІЛДІК БЕРЕТІНІН БІЛДІРЕДІ.**



### **ТҮСІНУ МАҢЫЗДЫ!**

ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ҚҰНЫ МЕН НЕСИЕ КӨЛЕМІНІҢ АРА ҚАТЫНАСЫ ҚАНДАЙ ЕКЕНІН ТҮСІНУ. ҚАРЫЗ АЛУШЫ НЕСИЕНІ ТӨЛЕМЕГЕН ЖАҒДАЙДА ҚАНДАЙ ТӘУЕКЕЛГЕ БАРАТЫНЫН ТҮСІНУІ ҚАЖЕТ.



### **МАҢЫЗДЫ!**

ЫНТЫМАҚТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕГІ КРЕДИТТЕН-ДІРУГЕ ӨЗГЕ ТҰЛҒАНЫҢ КЕПІЛГЕРІ РЕТІНДЕ ҚАТЫССАҢЫЗ, СІЗ ОЛ ТҰЛҒАНЫ ЖАҚСЫ ТАНЫП, БІЛУІҢІЗ КЕРЕК ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӨЛЕМ-ҚАБІЛЕТТІЛІГІНЕ СЕНІМДІ БОЛУЫҢЫЗ КЕРЕК.

**6. Тараптардың жауапкершілігі** – тараптардың әрқайсысының шарт бойынша талаптары мен міндеттемелерді бұзғаны үшін заңды және экономикалық жауапкершілігін түсіндіреді.



### **МҰҚИЯТ БОЛЫҢЫЗ!**

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ЖЕКЕ КУӘЛІК-ТІҢ НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ДЕ КУӘЛІКТІҢ ТҮПНҰСҚА-СЫН/КӨШІРМЕСІН СЕНІМХАТ БОЙЫНША РӘСІМ-ДЕЛГЕН ТҰЛҒАДАН БАСҚАЛАРҒА ҚАЛДЫРУҒА НЕМЕСЕ ҮШІНШІ ТҰЛҒАҒА ТАБЫСТАУҒА БОЛ-МАЙДЫ.

ҚҰЖАТТАРЫҢЫЗҒА МҰҚИЯТ БОЛЫҢЫЗ (ЖЕКЕ КУӘЛІК, КЕПІЛЗАТҚА ҚҰҚЫҚ БЕЛГІЛЕЙТІН ҚҰ-ЖАТТАР ЖӘНЕ Т.Б.)!


**7. Несиелік шарттың қорытынды ережелері.** Бұл бөлімде әдетте, шарттың күшіне ену күні, оған қол қойылған күні көрсетіледі және қарыз алушының кредиттің сомасын, пайыздарды және басқа да төлемдерді толық қайтарғанша шарттың қолданыста болатыны айтылады.



## Белгілеп алу үшін

A grid for marking answers, consisting of 15 columns and 20 rows. The top row is a header row, and the remaining 19 rows are for marking. The grid is bounded by a spiral binding at the top and a decorative bar on the right. The decorative bar consists of a vertical stack of colored rectangles: pink, red, orange, blue, purple, yellow, green, and dark green.

## Белгілеп алу үшін



## КМФ – ЖОБА КЕҢЕСШІСІ ТУРАЛЫ

КМФ Орталық Азиядағы, Кавказ, ТМД елдері мен Шығыс Еуропадағы микроқаржыландыру саласының көшбасшыларының бірі болып табылады. Компания өз қызметін 1997 жылдан бастады.

**КМФ-тің негізгі бағыты** – өз клиенттеріне топтық және жеке кредиттерді келесі қызмет түрлері үшін беру: бизнес, сауда, диқаншылық, мал шаруашылығы, өндіріс, қызмет көрсету, сондай-ақ, тұтынушылық кредиттендіру.

Бүгінгі күні «КМФ» МҚҰ 130 000-нан аса клиенттері бар және өзінің қызмет ету тарихында 200 мыңнан астам кредит беріп үлгерген Қазақстандағы ең ірі микроқаржыландыру ұйымы болып табылады (2015 жылғы 1 наурыздағы мәлімет).

Республикамыздың ірі қалалары мен ауылдарында орналасқан КМФ-тің 18 филиалы мен 75-тен астам бөлімшелерден тұратын кең аймақтық желісі бар. Жалпы алғанда, аталмыш бөлімшелер арқылы 3500-ге жуық шалғайдағы елді мекен тұрғындары микроқаржыландыру қызметіне қол жеткізіп отыр.

Компания өз клиенттерімен сенім, сыйластық пен түсіністікке негізделген, ұзақ мерзімді серіктестікке құрылған бағытты ұстанады. КМФ 18 жылғы қаржылық қолдауының арқасында 200 мыңға жуық қазақстандық өз кәсібін ашуға, оны кеңейтуге, тұрмысын жақсартып, балаларына сапалы білім беруге мүмкіндік алды.

КМФ-тің әлеуметтік жауапкершілікке негізделіп құрылғандығы және сол бағытты ұстанатындағы аса маңызды болып табылады. Компания өз тұтынушыларына кредиттендірудің қосымша шарттары мен қызмет көрсету жағдайын жақсарту мақсатында тұрақты түрде жұмыс жүргізеді, оның ішінде қаржылық емес қызметтер де бар. 2013 жылдың желтоқсан айынан бастап, «КМФ-Демеу» корпоративті қорымен бірлескен, халықты Қаржылық сауаттылыққа тегін оқыту – қаржылық емес өнімі іске қосылды. КМФ-тің әлеуметтік міндеті – сапалы қызмет көрсете отырып, тұтынушыға қаржылық сауаттылықтан мейлінше хабардар болуына үйрету.

Сенім білдіргендеріңізге рахмет!




\_\_\_\_\_



\_\_\_\_\_



\_\_\_\_\_



### ЖОБА БАСТАМАШЫСЫ:

«КМФ-Демеу» Корпоративтік қоры,  
8 (727) 250 68 77, 250 68 78, факс: 250 68 76

### Жоба кеңесшілері - «КМФ» МҚҰ құрылымдық бөлімшелері:

#### АҚТӨБЕ

Ағайынды Жұбановтар көш., 285 «Д», 8 (7132) 55 43 42, 55 40 21

#### АЛМАТЫ

Розыбакиев көш., 45 Г, 8 (727) 374 20 53  
Қалдаяқов көш., 30, 8 (727) 266 83 51, 266 83 52

#### АСТАНА

Абай көш., 75, 8 (7172) 55 93 27, 55 93 28, 55 93 29

#### ҚАРАҒАНДЫ

Н. Әбдіров көш., 25, 8 (7212) 42 51 33, 41 27 56

#### ҚОСТАНАЙ

Баймағамбетов көш., 201, 8 (7142) 59 32 47, 59 32 48

#### КӨКШЕТАУ

Әуелбеков көш., 62, 8 (7162) 26 92 82, 26 46 05

#### ҚЫЗЫЛОРДА

Желтоқсан көш., 9 Д, «Ер Ару» т/к, 8 (7242) 26 38 47

#### ПАВЛОДАР

Ак. Бектұров көш., 66, 8 (7182) 59 36 96, 59 36 97

#### ПЕТРОПАВЛ

Букетов көш., 16, 8 (7152) 46 38 45, 46 38 53

#### СЕМЕЙ

Б. Момышұлы көш., 31/33, 8 (7222) 56 11 05

#### ТАЛДЫҚОРҒАН

Абай көш., 245, 8 (7282) 27 03 51, 27 15 47

#### ТАРАЗ

Байзақ батыр көш., 187, 8 (7262) 46 80 71, 46 80 72

#### ТҮРКИСТАН

С. Ерубаяев көш., 249 А, 8 (72533) 4 33 41, 4 33 32

#### ОРАЛ

Сарайшық көш., 89/1, 8 (7112) 26 75 23, 26 75 54

#### ӨСКЕМЕН

30-Гвардиялық дивизия, 24/1, 8 (7232) 61 51 26, 61 51 27

#### ШЫМКЕНТ

Теле би көш., 27 А, 8 (7252) 53 52 99, 53 55 05, 54 51 77

Ж. Тыныбаев көш., 28 А-Б, 8 (7252) 39 30 71, 39 30 70

Кітапшаның электронды нұсқасын [www.kmf.kz](http://www.kmf.kz) сайттағы  
«Қаржылық сауаттылық» бөлімінен алуға болады.